

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет туралы<\*> Ескерту. Қаулының атауында және мәтінінде сөздер ауыстырылды - ҚРМК-нің 1995.07.07. N 939 қаулысымен. ~P950939

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 30 наурыздағы N 371

Жұмысшы кадрларын даярлауды жетілдіру, жұмыстан босаған қызметкерлер мен жұмыспен қамтылмаған халық арасынан жұмысшылар мен мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, кәсіптік-техникалық училишелер базасын неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанынан Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет құрылсын, оның қарамағына барлық кәсіптік-техникалық оқу орындары және Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі жүйесіндегі оларға қызмет көрсететін мекемелер берілсін. <\*>

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеттің қызметкерлері штатының саны (кузетсіз, қызмет көрсететін адамдарсыз) 20 адам болып белгіленсін, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің орталық аппаратындағы қызметкерлерді 11 адамға, Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппаратындағы қызметкерлерді 3 адамға қысқарту есебінен алынын.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитетті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындастын төраға басқарады. <\*>

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитетке Комитет төрағасының I орынбасарын, сондай-ак құрамы 7 адамнан алқа ұстауына рұқсат етілсін. <\*>

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитетке қызмет бабындағы 2 женіл автомобиль лимиті белгіленсін. <\*>

3. Кәсіптік-техникалық оқу орындарын және оларға қызмет көрсететін мекемелерді қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібі сақталсын.

Жұмыссыз жүрген адамдарды қайта оқыту Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік қоры есебінен жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет төрағасына Комитеттің орталық аппаратының штаттық

kestesін қызметкерлердің белгіленген саны және еңбек ақы қоры шегінде бекіту құқы берілсін. <\*>

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылға Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жаңындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеттің орталық аппаратына жұмсалатын қажетті қаржы қарастырысын.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қаржы министрлігінің, Өділет министрлігінің және басқа да мұдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының еңбек министрлігі жаңындағы Кәсіптік білім беру жөніндегі комитет туралы Ереже әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынысын. <\*>

Ескерту. 6-тармақта сөздер ауыстырылған - ҚРМК-нің 1995.07.07.

N 939 қаулысымен.

7. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері құрылатын білім департаменттері құрамында кәсіптік-техникалық оқу орындарын және оларға қызмет көрсететін мекемелерді басқаратын қаржылық және шаруашылық дербестігі бар тиісті басқармалар ұйымдастырысын <\*>

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің

1995.07.07. N 939 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жаңындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет өзіне бағынысты кәсіптік-техникалық оқу орындарында жұмысшылар мен мамандар даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды шарттық негізде еңбек рыногының қажетіне сәйкес, сонымен бірге осы оқу орындарындағы даярлық нышанын, сондай-ақ олардың жұмысшы кадрлары арнайы әзірленіп жатқан кәсіпорындармен және ұйымдармен байланысын сақтай отырып қамтамасыз етсін. <\*>

Жергілікті өкімет пен басқару органдары, кәсіпорындар мен ұйымдар кәсіптік-техникалық оқу орындарын материалдық ресурстармен, жер участеклерімен және басқа оқыту құралдарымен қамтамасыз етуді көздесін, сондай-ақ осы оқу орындарының оқушылары өндірістік практикадан өтуі үшін қажетті жағдайлар жасайтын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жаңындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитеттің өтінімі бойынша өндірістік оқыту шеберлерін, арнайы, жалпы техникалық және жалпы білім беру пәндерінің оқытушыларын даярлауды өрістетсін. <\*>

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жаңындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитетті қажетті қызметтік үй-жаймен және мұлікпен қамтамасыз етсін.

11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитетке оның өтінімі бойынша қажетті телефон номерлері мен үкіметтік байланыс номерлерін бөлсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК